

Сөздің ішкі мағыналық құрылымы - лексеманың морфемалық құрылымынан байқалатын тіл қолданушының санасында қалыптасқан денотаттың белгілерін елестету арқылы туындайтын бейненің көрінісі. Ішкі мағыналық құрылымда метафоралануға ұйытқы болып тұрған бейненің түзілу жолы суреттеледі.

Сөздердің ішкі мағыналық құрылымы, уәждеме, уәждемелік белгі, сөзжасамдық мағына терминдері лексикалық бірліктерге тілдік талдау жасауда маңызды және атаулар табиғаты мен тіл қолданушының дүниетанымының байланысын дәлелдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Кияк Т.Р. *Мотивированность лексических единиц*. – Львов, 1988. – 160с.
- 2 Блинова О.И. *Мотивология и ее аспекты*. -2-е издание. -Томск: Из-во Том.ун-та, 2007. -394 с.
- 3 Манкеева Ж.А. *Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері*, Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2008.-356 б.
- 4 Салқынбай А.Б. *Тарихи сөзжасам. Семантикалық аспект: Филол. ғыл. док. дисс.* – Алматы, 1999. – 284б.
- 5 Қасым Б.Қ. *Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері: Филол. ғыл. док. дисс.* – Алматы, 2002. – 313 б.
- 6 Земская Е.А. *Современный русский язык: Словообразование*. – М: Просвещение, 1983. – 304с.
- 7 Улуханов И.С. *О степенях словообразовательной мотивированности слов //ВЯ*, 1992, №5. – с. 107-110.

References:

- 1 Kiak T.R. *Motivirovannost leksicheskikh edinis*. – Lvov, 1988. – 160s.
- 2 Blinova O.I. *Motivologia i ee aspekty*. -2-e izdanie. -Tomsk: Iz-vo Tom.un-ta, 2007. -394 s.
- 3 Mankeeva J.A. *Qazaq tilindegi etnomädeni ataulardyñ tanyndyq negizderi*, Almaty: «Jibek joly» baspa üii, 2008.-356 b.
- 4 Salqynbai A.B. *Tarihi sözjasam. Semantikalyq aspekt: Filol. ғыl. dok. diss.* – Almaty, 1999. – 284b.
- 5 Qasym B.Q. *Qazaq tilindegi zattyñ kürdeli ataularynyñ teorialyq negizderi: Filol. ғыl. dok. diss.* – Almaty, 2002. – 313 b.
- 6 Zemskaiia E.A. *Sovremennyi ruski iazyk: Slovoobrazovanie*. – M: Prosveshenie, 1983. – 304s.
- 7 Uluhanov I.S. *O stepenäh slovoobrazovatelnoi motivirovannosti slov //VÄ*, 1992, №5. – s. 107-110.

МРНТИ: 16.21.55

Исмаилова Ф.К.¹

¹*Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы, Қазақстан*

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ДИСКУРСЫҢ КОММУНИКАТИВТІ-ПРАГМАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақала дипломатиялық дискурсты институционалдық дискурстың бір тармағы ретінде қарастыра отырып, оның коммуникативті және прагматикалық ерекшеліктерін анықтауға арналады. Дипломатиялық дискурс тілдік, когнитивті және коммуникативтік аспектілердің бірлігі ретінде қарастырылады. Дипломатиялық дискурстың тағы бір факторы - бұл барлық қарым-қатынастың сәттілігін анықтайтын дипломаттың лингвистикалық тұлғасы. Дипломатиялық дискурстың ажырамас компоненттері ретінде сыпайылық пен манипуляция категориялары атап өтіледі. Мақалада дипломатиялық дискурста қолданылатын тактика жан-жақты қарастырылған. Сондай-ақ, коммуникативті тактиканы тандаудағы прагматикалық әдістің әсері анықталды: коммуникативті, интерактивті, перцептивті. Мақалада дипломатиялық дискурстың параметрлері институционалдық дискурс аясында зерттелді және оның негізгі жүйені құрайтын сипаттамалары ашылды. Соңғы жылдары ғалымдар дискурсты әртүрлі тәсілдер арқылы зерттеп жүргені белгілі. Мақалада дипломатиялық дискурсқа және оның лингвопрагматикалық категорияларына зерттеу жүргізу үшін басымдыққа алынатын алғышарттар (прагмалингвистика, дискурстық лингвистика, коммуникация теориясы) айқын көрсетілді.

Түйінді сөздер: дискурстың түрлері, институционалды дискурс, дипломатиялық дискурс, дипломатиялық қарым-қатынас, манипуляция, сыпайылық

*Ismailova F.*¹

¹ *KazNPU named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

COMMUNICATIVE-PRAGMATIC FEATURES OF DIPLOMATIC DISCOURSE

Abstract

The article is devoted to the communicative and pragmatic features of diplomatic discourse from the point of view of its institutional nature. Diplomatic discourse is viewed as a unity of linguistic, cognitive and communicative aspects. Another factor of the diplomatic discourse is the linguistic personality of the diplomat, which determines the success of all communication. The categories of politeness and manipulation are noted as integral components of diplomatic discourse. The article examines in detail the tactics used in diplomatic discourse and their influence on the choice of a particular pragmatic phenomenon: communicative, interactive, perceptual. The article defines the parameters of diplomatic discourse as institutional and reveals its basic system-forming characteristics. In recent years, scholars have been actively exploring and describing discourse using different approaches. The reference to diplomatic discourse and its linguo-pragmatic categories in the article is carried out from the position: pragmalinguistics, discourse linguistics, communication theory.

Keywords: types of discourse, institutional discourse, diplomatic discourse, diplomatic communication, manipulation, politeness

*Исмаилова Ф. К.*¹

¹ *КазНПУ имени Абая,
Алматы, Казахстан*

КОММУНИКАТИВНО-ПРАГМАТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ДИПЛОМАТИЧЕСКОГО ДИСКУРСА

Аннотация

Статья посвящена коммуникативным и прагматическим особенностям дипломатического дискурса с точки зрения его институционального характера. Дипломатический дискурс рассматривается как единство языкового, когнитивного и коммуникативного аспектов. Выделяется еще один фактор дипломатического дискурса – языковая личность дипломата, которая определяет успех всей коммуникации. Отмечены категории вежливости и манипуляции как неотъемлемые составляющие дипломатического дискурса. В статье подробно рассматриваются тактики, используемые в дипломатическом дискурсе, и их влияние на выбор того или иного прагматического явления: коммуникативный, интерактивный, перцептивный. В статье определены параметры дипломатического дискурса как институционального и выявлено его базовые системообразующие характеристики. В последние годы ученые активно исследуют и описывают дискурс, используя разные подходы. Обращение к дипломатическому дискурсу и его лингвопрагматическим категориям в статье осуществляется с позиции: прагмалингвистики, лингвистики дискурса, теории коммуникации.

Ключевые слова: типы дискурса, институциональный дискурс, дипломатический дискурс, дипломатическая коммуникация, манипуляция, вежливость

Кіріспе. Жаһандану үдерісі ағымында қоғам саяси, идеологиялық, психологиялық өзгерістерді бастан өткеруде. Осыған орай қоғам мүшелерінің, яғни біздің де ақиқат дүниені тану дәрежеміз өзгере бастады. Бұған басты себеп, тәуелсіздік алғалы бергі халықаралық қатынастар, дипломатиялық коммуникация, мәдениаралық қарым-қатынастардың қарқындылығы қазақ қоғамының дамуына еуроцентристік және ұлттық құндылықтардың біріктіру және оны бірегейлендіру үрдісіне ұласа бастады. Кеңес үкіметі тұсында дипломатиялық қатынастар Ресей арқылы жүзеге асырылатын еді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанның дипломатиялық қатынастары күшейе түсті. Демек, дипломатиялық дискурс нығая бастады деген сөз. Әлемдік мәдениет, әлемдік сауда, әлемдік спорт, әлемдік өнер, т.б. қатынастарға кеңінен жол ашылды. Қазақ халқына әлемдік өркениетті еркін тұщынуға мүмкіндік болды. Халықаралық туризм мәдениеті дами бастады. Осының барлығы екі мемлекетті тату байланыстыратын дипломатиялық қатынастардың ықпалында екені баршамызға белгілі.

Әдістемесі. Дипломатиялық дискурс тек саяси-дипломатиялық қатынастарда орындалатын коммуникация ғана емес, адамдар арасындағы, ұжым арасында мәмілеге келу жағдайы да дипломатиялық дискурстың аясында анықталады.

Ал дискурс коммуникативтік үдерістің негізгі элементі ретінде лингвистика саласының зерттеу нысанына айналды. Осыған орай дискурсты айқындайтын анықтамалар да көбейді. Бұқаралық коммуникация кеңістігінің шеңбері үлкейген сайын, қоғамдық өмірдің жан-жақты қырын танытатын дискурстың жаңа түрлері де анықтала бастады. Сондықтан дискурсты бірнеше саланың тоғысында зерттеу тілші ғалымдардың қызығушылығын арттырды әрі сөйлеу мәдениеті, мәдениаралық қатынас тілі мәселелерін шешуде оңтайлы әдіс табуға мүмкіндік жасалды. Әдетте дискурс әлеуметтану ғылымында тұлғалық және институционалды дискурске жіктелу арқылы анықталатын болған. Дискурс мәселесі тілдің зерттеу нысаны екенін алғаш анықтаған ғалым Н.Карасиктің зерттеуінде: «Персоналды дискурста сөйлеуші басты нысанға алынады және ол өзінің ішкі әлеміндегі құндылығымен тұлғалық дәрежеге жетуі зерттеледі. Ал институционалды дискурста тұлға әлеуметтік институттың өкілі ретінде зерттеледі» [1, 12б.]. Ғалымның зерттеуінде институционалды дискурс мынадай түрге жіктеледі: саяси дискурс, дипломатиялық дискурс, әскери дискурс, бұқаралық-ақпараттық дискурс, т.б.. Осының ішінде біздің зерттеу нысанымыз болып отырған дипломатиялық дискурста лингвистикалық талдау жасауға әбден болады. Біріншіден, дипломатиялық вербалды және бейвербалды қатынастар болады, екіншіден, дипломатиялық қатынасты құрайтын тұлғалар, өкілдер болады, үшіншіден, дипломатиялық қатынастың өзіндік ереже-талаптары, мәдениеті болады. Басқа дискурс түрлерімен салыстырғанда дипломатиялық дискурс мәртебелі рөлімен ерекшеленеді. Себебі аталмыш коммуникативтік кеңістікте халықаралық стандарттық үлгідегі дипломатиялық мәртебесіне немесе халықтық, ұлттық мәмілегерлік институттың әлеуметтік мәртебесіне жету мақсат етіледі. Дискурс категориясына сәйкес дипломатиялық дискурстың да құрылымы адресат пен адресанттан, жиілігі басым терминдерден, лексика-грамматикалық қордан құралады. Өзге дискурстардан айырмашылығы дипломатиялық мәтіннің өзіне тән тілдік шаблондары, клишелері болады (кұрмет көрсету, сыйластық, «Аса қадірлі», «аса құрметті», «ханым», «мырза», т.б.).

Қазақтың дипломатиялық дискурсы қазақ мемлекетінің қалыптасуымен, сыртқы байланыс орнату тарихымен, елшілік қызметтерімен астасып жатыр. Тарих деректеріне үңілсек, түркі дәуірінде Тоныкөк, Күлтегін, Білге қағандардың жаугершілік заманында түркі тайпасын аман сақтап қалу үшін, көршілес Қытай, одан кейін Түрік империяларымен дипломатиялық қарым-қатынасқа түсіп, өзара келісімге келгендері Орхон-Енисей жазбаларында, көне түркі ескерткіштерінде айқын көрсетілген. Ел мен ел араласып, тіпті жауласып жатқан сонау заманнан бастап-ақ дипломатиялық құжаттар (хат, шақырту, келісімшарт) болған, жазылған. Осы дәстүр күні бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатыр және жалғаса бермек. Дегенмен, қоғам дамып, өркендеген сайын саяси қарым-қатынас, дипломатиялық келісімдер мәдениеті жоғары деңгейге көтерілуде. Солай бола тұрса да, яғни мәдениаралық коммуникация өркендей түссе де, әрбір мемлекет өзінің ұлттық немесе ғұрыптық дәстүрлерін сақтап келеді. Соның ішінде дипломатиялық қарым-қатынаста тілді құрметтеу, сөйлеу мәдениетіне үлкен мән беру, саяси дискурста сәтті диалог құру қабілеттері тең келу сияқты критерийлер дипломатиялық дискурс жасау этикетін, оның тілдік нормаларын, лексикалық қорын дамыту динамикасын қарқындатады. Әрине, шетелдік өкілмен сауатты дипломатиялық кездесу жасау, сауатты саяси әңгіме құру, мәдени дипломатиялық әдептілікті сақтай білу өз мемлекеті туралы жақсы пікір қалдырумен тең. Сондықтан, қазақ дипломатиялық дискурсы жан-жақты зерттелуі тиіс.

Саяси тұрғыдан келсек, дипломатиялық дискурс тұлғааралық қатынас емес, ведомстволарлық, мемлекетаралық коммуникация. Ондағы коммуникацияның мақсаты тұлғалар арасындағы сыйластық пен байланысты нығайту емес, мемлекет арасындағы қарым-қатынасты күшейту. Сондықтан осындай мақсатты жүзеге асырушы дипломатиялық елші қандай жағдай болса да мемлекеттің мүддесін ойлауы талап етіледі. Елші мемлекеттік мәселе шешіліп жатқанда жеке тұлғалық мінезі мен эмоциясын көрсетуге құқығы жоқ және жеке ішкі пікірі мен баға беруін де шектеуі тиіс. [2, 56б.]. Осы тұста Е.Шейгел зерттеуіндегі дискурсты анықтайтын параметрлерді еске түсіруге тура келеді:

Дискурсты екі параметр арқылы анықтауға болады: 1) элеуметтік жағдайды танытушы арнайы агент; 2) дискурстың интенционалды қоры [3, 126].

Нәтижелер. Осы ережеге сүйенсек, дипломатиялық дискурстың арнайы агенті (коммуникаторы) - елші, дипломат, дипломатиялық қатынасты жасаушы тұлға. Агент кодталған ақпаратты қабылдаушы тарапқа жеткізу, сендіру, мойындату қызметін атқарады. кодталған ақпараттар құрамына ауызша және жазбаша (хат) тіл немесе таңбалар мен символдар. Дипломатиялық дискурста міндетті түрде дипломатиялық хат немесе құжат болады. Дипломатиялық дискурстың сәтті болуы кодталған ақпараттың дұрыс хабарлануына байланысты. Кодталған ақпараттың дұрыс жеткізілуі үшін елші диалогтік өнердің иесі болуы тиіс. Себебі елші елдің имиджін арттыру мақсатында дипломатиялық қатынас жасайды. Дипломатиялық дискурс үш түрлі қатынастан құралады: 1) коммуникативтік қатынас, 2) интерактивті қатынас, 3) перцептивті қатынас. Коммуникативтік қатынас психологиялық байланыстың сәтті болуына тәуелді. Яғни елшілер вербалды және бейвербалды қатынаста тиісілі мәдениеттілікті сақтауы тиіс. Интерактивті қатынас келісімге келу тұсында, яғни әр тарап өз көзқарасын сенімді жеткізу (уәж, дәйекті дәлел) кезінде орын алады. Өз тұжырымында табан тұру, бұйрықпен сендіру немесе мойындауын талап етуге сілтейтін сөздердің реңкі байқалса, дипломатиялық қатынас сәтсіздікке ұшырайды. Интерактивті қатынас дипломатиялық коммуникацияның нақ ортасына келген тұста болады. Келісімге келу/келмеу тактикасы байқалатын сәт интерактивті қатынаста анықталады. Бұдан кейін перцептивті қатынас жүзеге асады. Перцептивті қатынас тетігі - эмпатия, аттракция, төс қағыстыру, қол алысу, фотоға түсу, құжаттарға қол қою [4, 56 б.].

Е.Шейгал дискурстың кеңістіктегі құрылым екі түрге бөліп қарастырады: реалды және виртуалды. Дипломатиялық дискурс кеңістігінде осы екі құрылым да жүзеге асырылады. Реалды құрылым тілдік коммуникацияның ақиқатта болуымен сипатталады немесе стандартты тілдік қатынастың жүзеге асуы. Ал виртуалды құрылым - семиотикалық кеңістік дипломаттың тілдік мәтінді жеткізуде қолданған бейвербалды амалы, тезаурустық қоры, ұстамы мен ишараты, сыртқы мәдениеті.

Институционалды дискурстың басқа түрлері сияқты, дипломатиялық дискурстың да екі негізгі сипаты бар: қарым-қатынастың мақсаты мен қатынастары. Дипломатиялық дискурстың басты мақсаты қайшылықтарды бейбіт жолмен шешу болып табылады [5, 213б.] Бұған мәжбүрлеуші сөз тіркестерін қоспағанда және реципиент елдің ерекшеліктерін ескере отырып, жекелендірудің төмен дәрежесімен, тұжырымының қысқалығымен және айқындылығымен сипатталатын бірқатар арнайы лингвистикалық әдістерді қолдану арқылы сауатты түрде қол жеткізуге болады. Дипломатиялық дискурста коммуникацияға қатысушылардың тілдік қатынасы ситуациялық контекстпен анықталады, сондықтан институционалды дискурстағы лингвистикалық техникалар жанрларға ерекше мән беріледі. Қарым-қатынасқа қатысушылардың алға қойған мақсаттарына байланысты мәлімдемелердің келесі түрлері ажыратылады: хабарлама, пікір, пайымдау, ұсыныс, кеңес, сын, мақтау, ұсыныс, қорытынды, түйіндеме, сұрақ, жауап. Қарым-қатынас үдерісіндегі дипломатиялық тілдің негізгі функцияларына мыналар жатады: коммуникативті (ақпарат алмасу функциясы), сындарлы (ой тұжырымдау), апелляциялық (адресатқа әсер ету), эмоционалды (жағдайға тікелей эмоционалды реакция), фатикалық (ритуалды (этикет) формулалармен алмасу), метатіл (интерпретация функциясы). Дипломатиялық қарым-қатынастың мақсаты - ақпараттандыру және әрекетті қозғау. Дипломатиялық дискурстың коммуникативті-функционалды сипаттамасы - бір жағынан ақпаратты беру және сақтау, ал екінші жағынан ақпарат алушыға әсер ету, сондықтан екінші жағынан, дипломатиялық дискурс белгілі бір мақсаттылық пен прагматикалық қатынасқа ие. Ол ұйымдастырудың өзіндік шарттарымен, сонымен қатар коммуникативті формалармен және құралдармен сипатталады. Осыған сүйене отырып, дипломатиялық қарым-қатынасты когнитивті байланыс (қажетті ақпаратты беру) деп анықтауға болады; сендіретін қарым-қатынас (құндылық бағдарлары мен көзқарастарын қалыптастыру); экспрессивті қарым-қатынас (қажетті әрекеттің мотивациясы); ұсыныстық қарым-қатынас (мотивацияны, көзқарасты, мінез-құлықты және көзқарасты өзгертуге әсер ету); ғұрыптық қатынас (дәстүрлі қатынастарды бекіту және қолдау). Дипломатиялық дискурстағы сыпайылық категориясы лауазымды адамдардың теңдікке, өзара сыйластыққа, төзімділікке және дұрыстыққа негізделген қарым-қатынасты құру үшін хаттама ережелерін мұқият сақтауынан көрінеді. Элеуметтік құндылықтар мен нормалар ақпаратты беру кезінде адресатты «ренжітуге» жол бермейтін сыпайы қарым-қатынас стандарттарын анықтайды. Элеуметтік фактордың дипломатиялық құжаттарды жасаудағы синтаксистік, семантикалық және

морфологиялық ережелерден маңыздылығы ерекшеленеді. Хат алмасу адресаттарына құрмет белгілерін беру үшін сыпайлық дәрежесі хаттаманың сақталуымен реттеледі.

Талқылау. Дипломатиялық мәселелерді дипломаттар мен елдердің басшылары мемлекеттің мүддесі мен қауіпсіздігі үшін жасырын түрде талқылайды. Әрине, дипломаттардың ниеттері әрдайым шынайы бола бермейді. Саяси біліміндегі кемшілікті көрсету, эвфемизмдер (жалтарып сөйлеу, астарлап сөйлеу, демагогия) - қазіргі дипломаттардың сұхбаттасушысын басқару мақсатында, елдің бет-бейнесін сақтап қалуда, қажетсіз қақтығыстардан аулақ болуда тілдік қару ретінде қолданатын тәсілі. Мұнда абстрактылық пен мағынаның кеңдігі, сөз шегінің анықталмауы, салыстырулар, идеологиялық полисемия жиі көрініс табады [6, 546.]. Бірқатар лингвистикалық еңбектерде атап көрсетілгендей, халықаралық құжаттарды талдау іс жүзінде елдің «мүддесін қорғау» ұғымын бақылау жасау міндеттерімен жиі алмастыратынын байқатады. Демек, адресаттың санасына ықпал ету манипуляциясы дипломатиялық дискурсты қалыптастыруға негіз болады, ал дипломатиялық коммуникация - бұл сұхбаттасушының жасырын бақылауын білдіретін манипулятивті диалог. Адресаттың қызметін реттеу, оны осы іс-әрекеттердің қажеттілігін немесе олардың өзектілігін көрсетуге бағыттайтын арнайы маркерленген тілдік құралдар көмегімен жүзеге асырылады. Сонымен қатар терминдердің коннотациясы, дискурстың интонациясы, дауыс ырғағы, бағалауыш лексиканы оңтайлы таңдау дипломатиялық қатынастың негізгі механизмдері болып саналады. Дипломатиялық дискурстағы манипуляциялық құралдар - эмоционалды әсер ету, әлеуметтік нормалар мен идеяларды қолдану, ақпаратты лингвистикалық тұрғыдан түрлендіре жеткізу, ойды бұлыңғырландыру амалдары. Дипломатиялық дискурсты зерттеуде адресаттың әлеуметтік топтағы тиісті сөйлеу әрекетінің оңтайлы жолдарын табу тұрғысынан ғана емес, сұхбаттасушының / адресаттың лингвистикалық манипуляциясының шынайы ниеттері мен жасырын әдістерін анықтау үшін де қажет екенін ескеру қажет.

Қорытынды. Сонымен дипломатиялық дискурсты үш ажырамас аспектінің жиынтығы ретінде қарастыру керек: лингвистикалық, когнитивті және коммуникативті. Осы аталғандарды қорытындылай келгенде, дипломатиялық дискурсқа мына сипаттамалар тән деп есептейміз: біріншіден, дипломатиялық дискурс - арнайы терминдері мен клишелері бар, сөйлеу стилі мен мәтіндік, синтаксистік құрылымы бар тілдік категория. Екіншіден, дипломатиялық дискурс - идеяларды біріктіретін, аялық білімдерді тоғыстыратын когнитивтік механизм. Үшіншіден, дипломатиялық дискурс - тек екі тараптың арасындағы қарым-қатынасты құрайтын коммуникативті әрекет. Төртіншіден, дипломатиялық дискурс - коммуникативтік әрекеттің сәтті болуы үшін сендіру, мойындату амалдарын қолданатын прагматикалық тактика.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Карасик В.И. О типах дискурса // *Языковая личность: институциональный и персональный дискурс*. Волгоград, Орлов Г. А. *Современная английская речь*. М., Русакова О. Ф., Спасский А. Е. (ред.) *Современные теории дискурса: мультидисциплинарный анализ*. Серия: *дискурсология*. Екатеринбург, 2000г. - 123с.

2 Трабелси Х. *Дипломатическая переписка и ее характеристики*. Автореферат дис. канд. филол. наук. М., 2013, 56с.

3 Шейгал Е. И. *Семиотика политического дискурса*. Волгоград., 2004, 412с.

4 Володина Л.В., Карпухина О.К. *Деловое общение и основы теории коммуникации*. Санкт-Петербург, 2002ж. - 236с.

5 Вебер Е.А. *Опыт лингвистического исследования когнитивного диссонанса в английском дипломатическом дискурсе*. Автореферат дис. канд. филол. наук. Иркутск., 2014: 213с.

6 Терентий Л.М. *Дипломатический дискурс как особая форма политической коммуникации // Вопросы когнитивной лингвистики*, N 1. Тамбов, 2010г. 58-61с.

References:

1 Karasik V.I. O tipah diskursa // *İazykovaia lichnost: institusionälnyi i personälnyi diskurs*. Volgograd, Orlov G. A. *Sovremennaia angliskaia rech*. M., Rusakova O. F., Spasski A. E. (red.)

Sovremennye teorii diskursa: mültidisiplinarnyi analiz. Seria: *diskursologia*. Ekaterinburg, 2000g. - 123s.

2 Trabelsi H. *Diplomaticheskaiia perepiska i ee harakteristiki*. Avtoreferat dis. kand. filol. nauk. M., 2013, 56s.

3 Şeigal E. İ. *Semiotika politicheskogo diskursa*. Volgograd., 2004, 412s.

4 Volodina L.V., Karpuhina O.K. *Delovoe obşenie i osnovy teorii komunikasii*. Sankt-Peterburg, 2002j. - 236s.

5 Veber E.A. *Opyt lingvisticheskogo issledovaniya kognitivnogo disonansa v angliskom diplomaticheskome diskurse. Avtoreferat dis. kand. filol. nauk. Irkutsk., 2014: 213s.*

6 Terenti L.M. *Diplomaticheskii diskurs kak osobaia forma politicheskoi komunikatsii // Voprosy kognitivnoi lingvistiki, N 1. Tambov, 2010g. 58-61s.*

МРНТИ 81-139

Кайдарова Г.,¹ Сүлейменова Ж.²

^{1,2} *Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ БУЫН КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Аңдатпа

Мақалада қазақ және түркі тілдеріндегі буын категориясының өзекті мәселелерінің бірі - зерттелуі қарастырылады. Қазақ тіл біліміндегі буын мәселесі, негізінен, буынның құрылым түрлері мен олардың дыбыс құрамын анықтау. Буынның тіл құрылымында алатын орны ерекше болғанымен, оның артикуляциялық сипаты аз қарастырылған. Еңбектерде, негізінен, буынның құрылымы мен дыбыс құрамы, буынның акустикалық белгілері сипатталады. Тілдік бірліктің акустикасы мен естілім белгілері – артикуляциядан барып туындайтын қасиеттері. Сондықтан тілдік бірліктердің бірі буын мәселесінің шешімін де артикуляцияда екеніне басты назар аударылу керек. Тіл білімінде буын мәселесі туралы зерттеушілердің пікірі ортақ, бірақ буын шегін анықтауда пікірталастар баршылық. Қазақ тіліндегі буынның фонетика-фонологиялық табиғаты, тілдегі қызметі мен буын жігі мәселелері осы кезеңге дейін жіті қарастырылмай келеді. Мақалада Ә.Жүнісбек, М.Исаев, С.Мырзабеков зерттеулері негізінде буын табиғаты және оның шегара белгілері жайлы басты тұжырымдамаларға талдау жасалды. Қазақ тіліндегі буынның әуез белгісінің туыстас тілдерді (түркі тілдерін) өзара біріктіріп тұратын типологиялық ортақ, ал туыс емес тілдерді өзара ажыратып тұратын типологиялық айырым белгісі мәселесіндегі ғалымдардың пікірлері сараланды.

Түйін сөздер: қазақ, түркі тілдері, буын, үндестік заңы, буын құрылымы, құрамы, акустика, артикуляция

Kaidarova G.,¹ Suleimenova Zh.²

^{1,2} *Kazakh National Women's Teacher Training University,
Almaty, Kazakhstan*

STUDYING THE CATEGORY OF THE SYLLABLE IN THE KAZAKH LANGUAGE

Abstract

The article considers one of the most important issues of vowel harmony of the syllable in the Kazakh and Turkic languages. Actual problems of studying the phonetic structure of the Kazakh language consist mainly in determining the types of syllabic structures and their sound composition. Although the syllable has a special place in the structure of the language, its articulatory nature is poorly understood. Therefore, it should be noted that the solution to the problem of syllables, as one of the language units, lies in the issues of articulation. Researchers have a common opinion about the syllable problem in linguistics, but there is much debate about the definition of syllable types in the Kazakh language. The phonetic and phonological nature of the syllable in the Kazakh language, the function of the syllable in the language and the problems of the syllable have not yet been examined in detail. Based on the research of A. Zhunusbek, M. Isaev, S. Myrzabekov, an analysis of the basic ideas about the nature of the syllable and their limitations is made. The opinions of scientists were studied on the typological common feature of the Kazakh syllable, uniting related languages, and the typological distinctive feature that distinguishes unrelated languages.

Keywords: Kazakh, Turkic languages, syllable, synharmonism, syllable structure, composition, acoustics, articulation